Жастар жұмыссыз қалмауы тиіс
2-бет

Білімдегі жаңашыл мазмұн
3-бет

«Қар – аппақ, бүркіт – қара...»
8-бет

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ БЕЙСЕНБІ, **21 ҚАРАША**, 2024 ЖЫЛ **№131 (23 453)** www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

● ГАЗДАНДЫРУ

Қауіпсіз құрылғы орнатылды

Қарағандыда әлеуметтік осал санаттағы тұрғындардың – көпбалалы отбасылардың, мүмкіндігі шектеулі жандардың, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің және басқалардың үйлеріне 1838 улы газ қондырғылары тегін орнатылды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Заманауи құрылғылар ықшам, батареялармен жұмыс істейді және қабырғаға немесе төбеге оңай бекітіледі. Бұл құрылғылар ауадағы ылғалдылық жоғарылауын тіркеп, белгі беріп, бөлмеден шығуға және уланудың алдын алуға мүмкіндік береді. Бұл, әсіресе, түнде адамдар ұйықтап жатқанда және улану белгілерін байқамаған кезде өте маңызды.

Көміртегі тотығының төмен дозалары да бас ауруын, бас айналуды және жүрек айнуын тудыруы мүмкін, ал, жоғары дозалары ауыр улану мен өлімге әкелуі мүмкін. Датчиктерді орнату арқылы әркім өзін ғана емес, жақындарына да қамқорлық жасай алады, – деп атап өтті қала әкімдігінің баспасөз қызметі.

Алдағы уақытта Қарағандыдағы жеке үйлерде осындай мыңға жуық датчик орнату жоспарлануда.

Өйткені, орнатылған құрылғылар жұртшылықтың қауіпсіздігін толық қамтамасыз етуге жеткіліксіз. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта жалғасын табады. Сақтансаң – сақтайтынын ұмытпайық!

● ЖАСТАР САЯСАТЫ

Қоғам қолдауы қанаттандырады

Жастар кәсіпкерлігін дамыту үшін қолдау көрсету – мемлекеттік жастар саясатының басым бағыттарының бірі екені сөзсіз. Осы мақсатта жергілікті жерлерде жастардың бизнес бастамаларын жүзеге асыруға көмектесу үшін түрлі шаралар қабылдануда. Мәселен, жастар оқыту курстарынан өте алады, жеңілдетілген несие немесе қайтарымсыз грантқа қол жеткізе алады. Облыс әкімінің грантын алып, түрлі бағытта кәсібін бастаған жас кәсіпкерлермен баспасөз турында таныстық.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Анар Гизатулина Саран қаласындағы «Уникум» түзету кабинетін облыс әкімінің грантына былтыр ашқан. Кабинет ашып, кәсіппен айналысуына ұлы себеп болыпты.

– Бір жылда жүз шақты баланы қамти алдық. Қазір логопед, психолог, сенсорлық терапевт жұмыс істеп отыр. Бізге түрлі бала келеді. Аутизм, ақыл ойында кемістігі бар, сал ауруларының жеңіл түрлерімен ауыратын, дамуында түрлі ауытқулары бар балаларды қабылдаймыз. Күніне кемі он бала келеді. Демалыс күндері де жұмыс істеуге мәжбүрміз, себебі, ерекше қажеттіліктері бар балалар көп, – дейді Анар Гизатуллина.

Алдағы уақытта мемлекет ұсынып отырған қолдау шараларын пайдаланып, кәсібін ұлғайту жоспары бар екенін жеткізді.

– Грант қаражатына кабинетті толық жабдықтап, сенсорлық интеграция бұрышын аштық, – дейді ол. – Мамандарымыз үнемі біліктілігін арттырып отырады. Өзім де оқып, тренинг, шеберлік сабақтарынан қалмауға тырысамын. Балама аутизм диагнозы қойылған. Сондықтан, бұл мәселе маған жақсы таныс болғандықтан басқа ата-аналарға да кеңес беремін. Біздің ата-аналардың көп жағдайда балалар мүгедектігі, инклюзия туралы білімі таяз. Негізгі түзету жұмыстарынан бөлек, ата-аналармен де жұмыс жүргіземіз. Алдағы уақытта мемлекеттік тапсырыс алу үшін кәсіп аясын арттыруды жоспарлап отырмыз. Себебі, инклюзия тегін болуы керек. Ата-аналарды жақсы түсінемін, сондықтан, бағасын көтермеуге, жан-жақты көмектесуге тырысамыз. Балалармен жұмыс жүргіземіз.

Ол бір жыл ішінде балалардың бойындағы өзгерістің, оң нәтиженің бар екенін де атап өтті.

– Тұрақты келетін балалардың басым бөлігінде ілгерілеу бар. Мүлдем сөйлемеген балалар сөйлеп, әлеуметтеніп, тұрмыстық машықтарды үйренуде, – деді ол.

Гүлшат Акимжанова да әлеуметтік кәсіпкерлікпен айналысады. Былтыр алған қайтарымсыз гранты бүгінде нәтижесін беруде. Гүлшат Сүлейменқызы ашқан «Бақыт мекені» түзету-дамыту орталығы Майқұдықта орналасқан. Орталыққа дамуында тежелуі, сөйлеуінде мүкістігі бар балалар келеді. Олармен логопед, логопед-дефектолог, АВА терапевт жұмыс істейді.

– Грант қаражатына кабинеттің толыққанды жұмысына қажетті барлық құралдарды, балаларға ойыншық, дамыту арналған заттарды алдық. Облыс әкімінің қайтарымсыз гранты туралы әлеуметтік желіден білдім. Қорқақтағаным рас басында, бірақ, өзіме «көрейін, болса, болар» деп, жобамды ұсындым. Жобам өтті. Болшақта афк, сенсорлық терапевт, нейропсихолог мамандарын тартуға тырысамын, тағы логопед болса, тіпті, жақсы. Түзету жұмысы үзілмеуі керек, үзіліп қалса, даму да кері кетеді, – деген ол қазақ тілді логопед мамандардың тапшы екенін тілге тиек етті.

– Қазақ тілді мамандар өте аз. Жас мамандар ерекше қажеттіліктері бар баламен жұмыс жасауға қорқады, ата-аналармен байланыс орнатудан қашқақтайды немесе «Нәтиже шықпай қалады» деп өздеріне сенімсіз деп ойлаймын. Мен өзім 12 жыл бойы балабақшада жұмыс жасап, енді ғана жеке кәсібімді аштым. Оқуды бітірген бетте кабинет ашу мүмкін емес. Өйткені, оған білім керек, тәжірибе керек, – дейді Гүлшат Сүлейменқызы.

Рымжан Аринованың баласы мұнда келіп жүргеніне екі айдан асыпты. Жүргізілген жұмыс нәтижесіз емес.

➤ 2-бет

● РЕСМИ

Декларацияны кім тапсырмайды?

Қаржы министрлігі кейбір қазақстандықтар үшін декларация тапсыру міндетін сақтап қалуды ұсынды. Алдағы уақытта азаматтар өз еркімен активтер мен міндеттемелер туралы декларация тапсыра алады.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Министрлік шетелде активтері бар тұлғаларға, сайланбалы қызметке үміткерлерге, мемлекеттік қызметке орналасатындарға және оларға теңестірілгендерге, сондай-ақ, банктердің, бағалы қағаздар нарығының, сақтандыру ұйымдарының ірі қатысушысы болуды қалаған адамдар үшін активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны (250.00 нысаны) тапсыру міндетін сақтап қалуды ұсынды.

Қаржы министрлігінің хабарламасында «Мемлекеттік қызметкерлер, квазимемлекеттік және жеке компаниялардың басшылары, құрылтайшылары (оның ішінде 25 пайыз және одан көп акция иелері), олардың жұбайлары, сондай-ақ, Қазақстан Республикасынан тыс жерде активтері бар және (немесе) өз бетімен салық салынатын табыс алған тұлғалар үшін жыл сайынғы кірістер мен мүлік туралы декларацияны (270.00 нысаны) тапсыру міндеті сақталады» делінген.

Сондай-ақ, құны 20 000 АЕК-тен (74 миллион теңге) асатын ірі сатып алулар жасаған адамдарды да декларация тапсыруға міндеттеу ұсынылған.

Айта кеткен жөн, бұған дейін Үкімет Қазақстандағы жалпыға ортақ декларациялау туралы маңызды мәлімдеме жасаған. 2025 жылы декларация тапсыруы тиіс 8 миллион адамды Қаржы министрі активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны тапсыру міндетінен босатуды ұсынған.

● БАСПАСӨЗ – 2024

Газет – әр шаңырақтың тағылым терезесі

Қадірлі жамағат!

Аймағымыздың рухани өмірінің айнасы саналатын «Ortalyq Qazaqstan» газеті әрқайсымызға ой мен сананы жаңғыртатын өзекті ақпарат жеткізіп, қоғамдағы маңызды мәселелерге зер салуға жол ашады. Бұл басылым уақыттың талабына сай жаңашылдықпен дамып, ұлттық дүниетанымды насихаттауға зор үлес қосуда. Біздің асыл дініміз Ислам – білім мен парасатты жоғары бағалайтын, адамзатқа рухани бағыт-бағдар беретін ұлы сенім жолы. Осы газет арқылы рухани игілігімізді дәріптеп, елдік мүддені де бірге қолдап келеміз.

Ендігіде «Ortalyq Qazaqstan» газетіне жазылу бұрынғыдан да оңай болды! Қазіргі заманғы озық технологиялар арқасында Сіз басылымға Kaspi QR арқылы әп-сәтте жазыла аласыз. Осы әдіс уақытты үнемдеп, әрбір оқырманға қолайлы жағдай жасайды. Бұл ынтымақтастық әрекетіңізбен сіз қоғамымыздың ақпараттық сауаттылығын арттырып, еліміздегі рухани тұрақтылық пен бірлікті нығайтуға атсалысасыз.

Мың жерден техника дамыса да, газеттің жөні бөлек екені сөзсіз. Сондықтан, мен газет оқуды күнделікті әдетке айналдырдым. Аймақтың басты жаңалықтарын қалт жібермей оқып отырамын.

Газет – әрбір үйдің тағылым терезесі. Сол терезеден айшықты әлемнің жаңалығын, еліміздің жетістігін, мұнымен қатар, рухани ілімді бірге игерейік. Құрметті оқырман, діліміздегі, дініміздегі жаңғыруымызды қолдап, игі істерімізді басылым арқылы біріктірейік!

Естай ӘБДІҒАЛИ,
Қарағанды облысының
бас имамы

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)		«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай	10447,44	5882,60
		12 ай	20894,88	11765,20
Жеке жазылулар үшін	12 айға 4116 теңге	6 ай	3386,60	3074,60
		12 ай	6773,20	6149,20

25 қазаннан 25 қараша аралығындағы жеңілдік тарифтері (жылдық жазылу шарты бойынша)

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		19 454,88	10 397,20
Жеке жазылулар үшін	3492	6149,20	5 633,20

Анықтама телефоны:

41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

«ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН» ГАЗЕТІНЕ

Kaspi QR

АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ

Жеке жазылушылар үшін

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●**EUR/KZT** 525.21 ●**USD/KZT** 497.26 ●**RUB/KZT** 4.97 ●**CNY/KZT** 68.69

Қазақстан Ұлттық Банкінің 20 қараша, 2024 жылғы дерегі бойынша

Жастар жұмыссыз қалмауы тиіс

Облыс аумағында жұмыссыз жүрген жастарды жұмысқа орналастыру бағытында белсенді жұмыс жүргізіліп келеді. Жыл басынан бері 13 мыңнан астам жас жұмыспен қамтылған. NEET санатындағы жастарға ерекше назар аударылып, әрқайсына жеке көзқарас принципі бойынша көмек беріледі. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев өткізген арнайы кеңесте басқарма басшылары, қалалар мен аудандардың әкімдері осы бағыттағы қол жеткізген нәтижелері туралы кеңінен айтып берді.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Облысымызда NEET жастармен нақты жұмыс жүргізу үшін «Мүмкіндіктер марафоны» жобасы жүзеге асырылуда. Жоба аясында 10 айда 39 мыңға жуық адам қамтылып, түрлі деңгейде 297 шара өткізілді. Атап айтсақ, бос орындар жәрмеңкесі, дөңгелек үстел, ашық есік күні, жұмыс орындарына экскурсия жасау сынды бірқатар шаралар ұйымдастырылды, – деп атап өтті облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысының орынбасары Жанар Дүйсетаева.

Бұдан бөлек, жастарымызға заңгерлер мен психологтардан тегін кеңес алуға мүмкіндік жасалған. Сондай-ақ білім алуда, жұмысқа орналасуда, өз ісін ашуда мемлекеттік қолдау шаралары туралы да айтылды. Мобильді топтар жұртшылық көп жиналатын жерлерге барады. Атап айтсақ, базарларға, сауда-ойын-сауық орталықтарына, саябақтарға барып, жастармен жұмыс жүргізеді.

Сонымен қатар, облыс орталығында шығармашылық идеяларды іске асыруға және креативті индустрияны ілгерілетуге көмектесуге бағытталған жастар комьюнити-орталығы ашылғанын да атап айту керек.

Одан бөлек, кеңесте аймақтық жұмыспен қамту картасы да өз тиімділігін көрсетіп келе жатқаны тілге тиек етілді.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының жетекшісі Әсем Жүніспекова «Жастар практикасы», «Бірінші жұмыс орны», «Ұрпақтар келісімшарты» жобаларының жұмыссыз жастарды жұмысқа орналастыруға қалай көмектесетінін нақты мысалдармен жеткізді.

Сондай-ақ, облыста іске асырылып жатқан «JUMYS TAP» жобасы бойынша қысқа мерзімді курстарда кез келген адам жаңа мамандықты тегін меңгере алатыны да назардан тыс қалмады.

Ал, кәсіпкерлік негіздеріне оқыту «Бастау Бизнес» жобасы бойынша жүргізіледі. Биыл әлеуметтік қолдауға мұқтаж санаттағы 67 жас өз ісін ашуға грант алған.

Шахтинск қаласының әкімі Мұрат Қыдырғанбеков моноқалада NEET жастар санын екі есеге азайтуға мүмкіндік туғанын айтады.

– Бұған үйге кіріп, аралау, деректер базасын өзектендіру мақсатында қоңырау шалу, іске асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіру, әлеуметтік және ақпараттық қолдау көрсету, оқыту және бос уақытты тиімді өткізу іс-шараларын ұйымдастыру оң ықпал етті, – деді Мұрат Қыдырғанбеков.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев NEET жастарға атаулы қолдауды жалғастыру жөнінде тапсырма берді. Бұл жұмысқа ғалымдарды тарту қажеттігі де ортаға салынды. Ғалымдардың зерттеулері кейбір олқылықтардың орнын толтырып, қандай бағыттарда қолдау қажет екені туралы жол көрсете алады.

– Бұл мәселемен белсенді айналысамыз. Белгілі бір нәтижелер бар. Кідіруге болмайды! Жергілікті жерлерде әкімдердің белсенді жұмысы қажет. Сіздер қолдамасаңыздар, алға жылжу болмайды. Мұны көріп, көмек сұрауы үшін жастарға табысты мысалдар көрсету, көбірек түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Ресурстар мен мүмкіндіктер бар, енді жұмыс істеу керек! – деп атап өтті Ермағанбет Қабдулаұлы.

Сурет **автордан**

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Әуежайдың әлеуеті артады

Балқаштан Түркістан, Шымкент және Өскемен қалаларына ұшуға болады. Ұшақтар әуежайда күрделі жөндеу аяқталғаннан кейін ұшуды бастайды.

Сурет ашық дереккөздерінен

Қазір Балқаш әуежайынан жазғы кезеңде тек Астана және Алматы бағыттары бойынша ұшақтар ұшады. Қарағанды облысының билігі жолаушылар ағынын арттыруды және әуежайдың жыл бойы жұмыс істеуіне қол жеткізуді жоспарлап отыр.

Қазіргі уақытта №2 жерүсті жолын және әуеайлақтың перронын қайта жаңарту жұмыстары жалғасуда. Жобаның жалпы құны – 3,8 миллиард теңге. 2024 жылға 2,5 миллиард теңге бөлінді. Қыркүйек айында Балқаш әуежайының ғимаратын қайта жаңарту жобасын іске асыру басталды. Бұл әуежайдың өткізу қабілетін арттыруға, жолаушылар үшін қолайлы жағдай жасауға, мобильділігі төмен азаматтар үшін қолжетімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, әуеайлақтың сипаттамалары мен параметрлері ұсынымдарға сәйкес келтірілетін болады.

Нысанға 25 бірлік арнайы техника және 50 жұмысшы жұмылдырылды. Жұмыстар бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес жүргізіледі. Балқаш әуежайы 1967 жылы салынған. Онда соңғы ішінара жөндеу 2007 жылы жүргізілді. Жүргізілген қайта құру жолаушылар ағынын жылына 13 мыңнан 40 мың адамға дейін, яғни, 3 есеге арттыруға мүмкіндік береді деп болжануда.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

● ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Үйсізге пана орталық

Облыс орталығында белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар үшін тағы бір орталық ашылды. Бұл – жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мен үкіметтік емес ұйымдардың бірлескен әлеуметтік жобасы. 100 адамға шақталған орталық қаламыздың Оңтүстік-Шығыс бөлігінде ашылды.

Басқарманың мәліметінше, қараша айынан бастап, «Қамқорлық орталығы» қоғамдық бірлестігімен шарт жасалған. Аталған қоғамдық бірлестік мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға көмек көрсету бойынша қызметтер көрсетеді.

«Қамқорлық орталығы» қоғамдық бірлестігінің директоры Дархан Әбдірахманның айтуынша, қызметкерлер күн сайын Қарағанды көшелерін кезіп, үйсіздерді іздейді. Деректерін тіркеп, сауалнама жасайды. Қажет болған жағдайда учаскелік инспектордың көмегіне жүгінеді. Сондай-ақ, орталық мамандары оларға жоғалған құжаттарын қалпына келтіруге көмек көрсетеді. Тамақ және киіммен қамтамасыз етіп, орталықтан орын береді.

– Біз көбінесе келген адамдарды емдейміз, содан кейін жұмысқа орналастырамыз. Мысалы, жақында теміржол вокзалында түнеп жүрген ер адамды әкелді. Оның тұратын жері де, туысы да жоқ екен. Одан бөлек, әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізіп, Құрылысшылар даңғылында бір ер адамның екі жылдан бері үй-күйсіз жүргенін білдік. Ол жазасын өтеп жатқанда, ата-анасының пәтеріне ағасы отбасымен кірген екен. Бостандыққа шыққанда барар жеп таппайды. Оны жеткізгеннен кейін жуындырып, шашын ретке келтіріп, таза киім берілді. Енді оны емдеу керек, өйткені, оның аяғында сырқаты бар. Кейін егер денсаулығы келсе, оған жұмыс тауып беруді қарастырамыз. Жалпы, мұнда тағдыры сан-қилы адамдар келеді, – дейді Дархан Әбдірахман.

Оның айтуынша, қазір орталықта 20-дан астам адам тұрып жатыр. Олардың саны үнемі өзгеріп отырады. Себебі, кейбіреулер кетіп қалады. Оларға өз бетінше бас тарту туралы акт жасалады. Әдетте әйел адамдар бірден түзу жолға түсіп, қалыпты өмір сүруге талпынады екен. Әлеуметтік жоба тағдыр тәлкегіне түскен жандарға әлеуметтік қолдау көрсетеді.

Өз тілшіміздің

Бұқара баспаналы болды

Бұқар жырау ауданындағы Ақбел ауылында төрт отбасы қоныс тойын тойлады. Оларға пәтер кілті табысталды. Қуаныш иелерінің қатарында халықтың әлеуметтік осал топтарындағы азаматтар, көпбалалы отбасылар мен кезекте тұрғандар бар.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қуатты өңір

Ауыл тұрғындары үшін заманауи жартылай жеке үйлер салынды. Әрқайсысында үш бөлме және жуынатын бөлме бар. Жалпы аумағы – 80 шаршы метр. Пәтер кілтін алғандар қуанышымен бөлісті.

– Пәтер қарындасыма бұйырды. Қаншама жылдар бойы пәтер жағалады. Бұл – біздің отбасымыз үшін үлкен қуаныш. Сөзбен айтып жеткізе алмаймыз. Көңілге медеу. Енді оның өз баспанасы бар. Бұл қолдау үшін мемлекетке рахмет! – деді Ғабиден Әуеспеков.

Көпбалалы ана Мәншүк Сайкенова жеті жыл кезекте тұрған. Енді, міне, биыл күткен қуанышы келді.

– Менің үмітім ақталды. Балалармен біздің қазір өз үйіміз бар екеніне өте қуаныштымыз! Бөлмелер кең, барлығы дайын. Тіпті, жуынатын бөлмеміз де ыңғайлы. Өз үйің болғаны жақсы, әрине, – деді көпбалалы ана.

Тұрғын үй құрылысын «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» қаржыландырды.

Мұндай үйлер Ботақара кентінде, сондай-ақ, Үміткер және Жаңақала ауылдарында бой көтерген. Жыл соңына дейін Көкпекті ауылы мен Ботақара кентінде 20 отбасына баспана кілтін тапсыру жоспарлануда.

Қоғам қолдауы қанаттандырады

(Соңы. Басы 1-бетте).

– Логопед Гүлден Серіккызына келгендегі себебіміз, балам «р» әріпін айта алмайды. Мектепте қиындық туғызбасын деп жүгіндік. Балама ұнайды, тапсырмасын үйде қайталаймыз. Логопед мамандар қай жерде де тапшы, мектепте де жетіспейді. Мектепте бұл мамандардың болғанын қалаймын. Себебі, қазір балалардың көбісі дыбыстарға тілі келмейді немесе оларды бұрмалап айтады.

Десе де, «Бес саусақ бірдей емес». Гүлшат Акимжанова кейбір ата-аналар «Әлі ерте, балабақшада сөйлеп кетеді» деп балаларын алып кететінін айтады. Кейбірі жұмысымызды ұнатып, балаларын алып келеді.

– Балабақшаға барса, сөйлеп кететін балалар болады, иә. Бірақ, бұл әдіс бірде болады, бірде іске аспауы мүмкін. Балабақшада да тілі шықпаса, ата-ана уақыт өткізіп алғанына өкінеді. Сондықтан, логопедке ерте жастан апара берудің артығы жоқ. Топта 30 бала десек, арасында ешкім мына жердегі сияқты бір баламен жеке айналысып отырмайды, – дейді ол.

Осындай инклюзиялық бағыттағы жобалар грант иегері атануы мүмкін. Себебі, мұндай жобалардың қазіргі таңда өзекті әрі сұранысқа ие екені рас. Биылғы конкурс жаңартылған форматта өткізіледі. Облыс әкімінің гранты бес бағыт: ғылым, мәдениет, ақпараттық технологиялар, медиа, бизнес бойынша беріледі. Мұны облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың бас маманы Ұлан Омаров айтты.

– Конкурсқа 18-34 жастағы облыс тұрғындары қатыса алады. Қазір хабарласып, сұрап, біліп жатқандар бар. Былтырғы конкурсқа 300-ден астам жоба ұсынылып, 50 жеңімпаз анықталған болатын. Биыл да осынша грант иегері болады деп күтіп отырмыз. Грант алушылар арасында инклюзивті, өндірістік жобалар, тігін, шығармашылық, зияткерлік шеберханалар, техникалық, медициналық, ауыл шаруашылығы бағыттары, қызмет көрсету, туризмді дамыту және басқа да қызмет бағыттарын атап өтуге болады. Жоба қажеттілігі, нәтижелі болу мүмкіндігі, әлеуметтік маңызы және басқа да критерийлерге қарай таңдалады, – деді басқарма өкілі.

Облыс әкімінің гранты жастар кәсіпкерлігін қолдап, дамыту үшін 2005 жылдан бері беріліп келеді. Әуелде грант көлемі 500 мың, 1 миллион теңге болса, қазір 2 миллион теңге. Сондай-ақ, облыстың қалалары мен аудандары әкімдерінің де гранттарына конкурс ұйымдастырылатынын атап өту керек. Ұлан Омаровтың айтуынша, жеңімпаздарды арнайы комиссия анықтайды. Жобаның жүзеге асырылуы арнайы мониторинг тобының бақылауында болады.

– Конкурс жеңімпаздарымен келісім жасалады. Олар бір жыл ішінде өздері ұсынған жобаны жүзеге асыруы керек. Бұл ерекше бақыланады. Конкурсқа кәсібін енді бастағысы келетін немесе ісін одан әрі жетілдіруді қалайтын жастар қатыса алады, – деді Ұлан Омаров.

Конкурсқа қатысу өтінімдері 29 қарашаға дейін қабылданады. Облыс әкімі грантының биылғы жеңімпаздары жыл соңына дейін белгілі болады.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

ШАМШЫРАҚ

Ұстаздарға арналған қосымша

● БӘРЕКЕЛДІ!

Арқа абыройын асқақтатты

Балқаш қаласындағы әл-Фараби атындағы мектептің бастауыш сынып мұғалімі Айкүнім Қалқаман республикалық «Үздік сынып жетекшісі» байқауында III орынды иеленді.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Балқаштық ұстаз Айкүнім Ерланқызы алдымен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған байқаудың қалалық іріктеу кезеңінде I орынды еншілеп, облыстық кезеңде де мықтылық танытып, I орын тұғырына көтерілген болатын. Соның ішінде облыстық кезеңге 300 педагог жолдама иеленген. Қорытынды республикалық кезеңде сынып жетекшілері ұстаздық қызметіне қатысты презентация ұсынып, кейс сессиясында педагогикалық жағдаяттарды шебер талдау дағдысы сыналған. Бұл кезеңнен кейін байқауға қатысушылар шығармашылық жобаларын қорғады.

– Мен үшін бұл байқау білімімді саралайтын сайыс болды. Байқаудың басты мақсаты – сынып жетекшілерінің әлеуметтік мәртебесін көтеріп, тәрбие жұмысындағы озық тәжірибесін кеңінен насихаттау. Осы байқау арқылы тәрбие жұмысының тиімді әдістері мен технологияларын анықтау және таратуды көздейтіндігін ұйымдастырушылар айтып өтті. Мен расымен де, байқаудың педагогикалық шеберлікті жетілдіру және сынып жетекшілерінің шығармашылық әлеуетін іске асыру, сондай-ақ, олардың әлеуметтік мәртебесін арттыруға мол мүмкіндік беретіндігіне көз жеткіздім. Республикадан алған жүлдемізді қараша айында тапсырады, – дейді Айкүнім Қалқаман.

Айта кетейік, бала жүрегіне жол тапқан ұстаз Айкүнім Ерланқызы – Балқаш қаласында дүниеге келген. С.Сейфуллин атындағы №7 мектеп-гимназиясының түлегі. Балқаш гуманитарлы-техникалық колледжін «Бастауыш сыныптарды оқыту» мамандығы бойынша қызыл дипломмен аяқтаған. Одан кейін Қарағанды қаласындағы Е.Бөкетов атындағы университетті тәмамдаған. 2015 жылдан Балқаш қаласындағы әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс істейді. 2019-2023 жылдар аралығында аталмыш мектепте ғылыми іс жөніндегі директордың орынбасары болып қызмет атқарды.

● «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ»

Білімдегі жаңашыл мазмұн

Қарағанды облысы еліміз-де бірінші болып, «SabiDamu виртуалды балабақшасы» онлайн-платформасының жұмысын бастайды. Бұл жоба балалары балабақшаға бармайтын ата-аналарға баланың дамуына ықпал ететін сапалы әдістемелік материалдарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жақында Қарағанды облысына жұмыс сапарымен келген Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсенованың назарына бөбекжайда ата-аналарға балаларын дамыту және тәрбиелеуге көмектесетін «SabiDamu» платформасы ұсынылды. Оның негізгі міндеттері – ерте даму скринингі және өзінөзі диагностикалау.

– Біз жаңа платформа құрып жатырмыз. Бұл жоба балалары қандай да бір себептермен балабақшаларға бармайтын ата-аналарға арналған. Оларға баланы үйде қалай дамыту керектігі айтылады. Ата-аналар кез келген проблеманы анықтау үшін тест тапсырады. Оларды түзетуге логопедтер, дефектологтар, психологтар көмектеседі, – деді «Өрлеу» компаниясының басшысы Фарида Ақшолақова.

Платформада қазақ және орыс тілдерінде баланы дамытуға арналған мультфильмдер, түрлі тапсырма бар. Мектепке дайындық процесі онлайн форматта автоматтандырылады.

Кеңесте Тамара Дүйсенова білім беру жүйесіндегі сабақтастық мәселесін көтеріп, балалар мектепке өткенде күйзеліске түспей, оқу үдерісіне тез бейімделуі үшін мектепке дейінгі мекемелер мен бастауыш сыныптардың білім беру бағдарламаларын біріздендіру қажеттігін атап өтті. Маңызды рөл атқаратын дүние – баланың жеке даму картасы, оны ерте жастан бастап жүргізіп, кейін бастауыш мектепке тапсыру қажет.



Сурет ашық дереккөзден

Тамара Дүйсенова «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында балабақша тәрбиеленушінің шығармашылық қабілеттерін арттыру және оларды елін, Отанын сүйетін, туған жерін қорғайтын патриот азамат болуға тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған қолөнер көрме жұмысымен танысты. Балалардың қызығушылығы мен бейімділігін болашақта мамандық таңдау үшін жасалған мамандықтар әлемімен, робототехника кабинетіндегі «Smart Bala» жобасы аясындағы интерактивті ұлттық ойындарды бақылады.

Облыстың мемлекеттік және жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарының директорларымен ваучерлік қаржыландыруды енгізу бойынша пилоттық жоба туралы Тараз қаласындағы №9 балабақша директоры Жанар Оспанова баяндады. Кездесуде мектепке дейінгі және мектептегі білім деңгейі арасындағы сабақтастық мәселелері туралы айтылды. Премьер-министрінің орынбасары Тамара Қасымқызы Қарағанды облысына жасаған жұмыс сапары барысында таныстырылған білім саласындағы жұмыстарға оң бағасын берді және нәтижелі жұмыс тіледі.

Шырын КЕНЖЕБЕК,
«Шаңырақ» бөбекжайының директоры

● «ӘЛЕУМЕТТІК ӘМИЯН»

Жаңа стандарт әзірленді

Қазақстандағы білім беру ұйымдарындағы тамақтандыру сапасына күнделікті мониторинг жүргізу енгізілді.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың айтуынша, биыл тиісті нормативтік- құқықтық талаптар күшейтілді. Атап айтқанда, білім беру ұйымдарындағы тамақтандыру стандарттары Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсыныстарына сәйкес қайта қаралды. Бүгінде Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, білім беру ұйымдарында тамақтанудың жаңа стандарты әзірленді, оны 2025 жылдан бастап, қолданысқа енгізу жоспарлануда.

– Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарындағы тамақтандыру сапасын арттыру мақсатында күнделікті мониторинг енгізілді. Мектеп аспаздарының біліктілігіне, олардың білімі мен еңбек өтіліне қойылатын талаптар күшейтілді. Өнім берушілердің қызметін бастамас бұрын санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы болуы туралы шарт бекітілді. Сондай-ақ, ас блогына бейнебақылау орнату міндеттелді, – деді министр.

Сонымен қатар Ғани Бейсембаев «Әлеуметтік әмиян» жобасы аясында тегін тамақ алатын балаларды автоматтандырылған түрде есепке алу жұмыстары жүргізілуде екенін атап өтті.

● ЕРЛІК САБАҒЫ

Ерлік – ұрпаққа ұран

Приозерск гарнизонындағы Қарулы Күштер ардагерлері ұжымының ұйымдастыруымен Рейхстагқа Жеңіс Туын тіккен қазақ батыры, Халық Қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай, ерлік сабағы өтті. Ерлік сабағына Сарышаған кентінің жалпы білім беретін мектебінің 7 сыныптан 9 сыныпқа дейінгі оқушылары қатысты.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сабақ тақырыбы – «Жеңістің Туын желбіреткен – Рақымжан Қошқарбаев!». Ерлік сабағында қазақ жауынгерінің сұрапыл соғыс жылдарындағы ерлік ісіне аса жоғары мән берілді. Рақымжан Қошқарбаевтың соғыстан кейінгі жылдардағы Сарышаған кентінің іргетасын қалаудағы еңбек еткен жылдары пысықталды. Алғашқы болып сөз алған кент мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айдана Сағадиева батырдың ерлігі туралы тоқталды. Сондай-ақ, заманауи интерактивтік тақта арқылы мектеп оқушыларына батырдың өмірі мен ерлік жолына арналып түсірілген «Рақымжан Қошқарбаев. Өмір жолы» деректі фильмі көрсетілді. Келесі кезекте сөз алған Приозерск гарнизонындағы Қарулы Күштер ардагерлері ұжымының төрағасы, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ардагері Тілек Кенжебеков білім ошағында білім алып жүрген оқушылар алдында Рейхстагқа Жеңіс Туын желбіреткен Рақымжан Қошқарбаевтың соғыстан кейінгі жылдары Сарышаған кентіндегі алғашқы құрылыс жұмыстарына қатысып, бірнеше нысандардың бой көтеруіне үлес қосқанын жеткізді.

– Біз Рақымжан Қошқарбаев есімін Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс Туын тіккен қаһарман ретінде білгенімізбен, соғыстан кейінгі жылдары Сарышаған теміржол станциясының ашылуымен осындағы құрылыс жұмыстарында еңбек еткенін біреу білсе, біреу білмейді. 1949 жылы ең бірінші рет Сарышаған жеріне ат басын тіреген Рақымжан Қошқарбаев өзінің осындағы соғысқа дейінгі Балқаш қаласындағы фабрика-зауыт училищесінде бірге оқыған, өзімен аттас Рақымжан Дакенов досымен бірге соғыстан кейінгі жылдары еңбек етеді. Тұрғын үйлерді салудан бөлек, іргетасын жаңадан көтерген Сарышаған кентіндегі құрылыс жұмыстарын жүзеге асыруда аянбай тер төккен, – деді ардагер аға Тілек Алшымбекұлы.

Арнайы шақырылған мейман Сарышаған кентінің тумасы Жұмағали Күлмағамбетов оқушыларға өзінің студенттік жастық шағында мектепте бірге оқыған досы Мейрамқұл екеуінің Рақымжан Қошқарбаевты Алматы қаласына іздеп барғандарын әңгімелеп берді.

Әке аманатын орындау мақсатымен, екеуі Мейрамқұлдың әкесі Зәкен Бижамбектің жазған хатты қаһарман қазақ батырының қолына жеткізеді. Хал-жағдай сұрасқан соң Рақымжан Қошқарбаев өзі басқаратын «Алматы» қонақ үйінің төріне отырғызып, екеуінен кезінде Сарышаған кентін салудағы бірге еңбек етіп, дәмдес болған байырғы таныс адамдарын сұрап біледі. Осы бір тағылымды іс-шарадан көп мағлұмат алған мектеп оқушылары Рейхстагқа Жеңіс Туын тіккен, Халық Қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың өмірі мен ерлік жолынан үлгі алып, өнегелі тәрбие мен оқудағы жоғары сапалы көрсеткіштерімен биік белестерді бағындыра беретіндіктерін жеткізе білді.

Әсіресе, бір кездері Рақымжанмен Сарышаған кентінде бірге еңбек еткен марқұм Зәкен Бижамбектің немересі, 9 сынып оқушысы Уалихан Зәкен өз ойын «Бүгін бұрын естімеген тың мәліметтерге көзіміз жетті. Біз батыр тұлғасындағы Рақымжан Қошқарбаев есімін мақтан етіп, сабақ үлгерімін жақсарта түсетін боламыз», – деп ой түйді.

Ақтоғай ауданы

Суретті түсірген
Думан ҚҰРМАНҒАЛИЕВ

● «ӨНЕГЕЛІ ӨМІР» ЖОБАСЫ

«Ұстазды алтын діңгекке балаймын»

Әрбір адам болашағының бақытты, келешегінің кемел болуы үшін сапалы білім мен тәлім-тәрбие беріп, тәуелсіз еліміздің болашағы – өскелең ұрпақты бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеуде мұғалімнің орны ерекше. Өйткені, адам бойындағы ең асыл қасиеттерді жас ұрпақтың санасына дарытатын ұстаздар қауымы. «Ұстазды алтын діңгекке балар едім» деп ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин айтқандай, ұстаздық – тарихтағы ең ұлы істің бірі. Шындығында, мұғалім ісі сырттай қарапайым болғанымен, ұлағатты ұстаз мәртебесі кез келгеннің маңдайына бұйыра бермейтін бақ.

Жақында бастауыш сынып кафедрасының ұйымдастыруымен М.Жұмабаев атындағы гимназияда «Өнегелі өмір» жобасы аясында шара өтті. Оны өткізудегі басты мақсат – көп жылғы еңбегі бар, білім саласының үздігінің еңбек жолымен таныстыра отырып, мол мағлұмат беру. Кейінгі жас буынды ұстазды құрметтеуге, сыйлауға үйрету. Ұстаз мамандығының қыры мен сырын түсіндіру, ұстаз еңбегін әрқашан бағалауға тәрбиелеу. Жас мамандарға, аға буын ардагер ұстаздардан алатын тәрбие-тәлімнің маңызы зор екенін жас ұрпаққа ұғындыру.

Сыр-сұхбатымыз «Жас мамандарға әдістемелік көмек-білім сапасын арттырудың кепілі!» тақырыбында облыстық білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының директоры Бақытгүл Әбдікеровамен және ардагер ұстаздармен бірлесе өтті. Келген қонақтар ұстаздық өмірін сағынып қалғандары соншалық бір-бірімен, әріптестермен, сүйікті жас мамандармен жүздесті, гимназия әкімшілігі, ұстаздар қауымы, ардагер ұстаздарымызды құшақ жая қарсы алды. Гимназия директоры Саян Жекебаев ардагер ұстаздардың келгендеріне ризашылық білдіріп, білім беру саласында аянбай еңбек еткендері үшін сала ардагерлеріне ерекше сый-сияпат көрсетті.

Керемет кешке білім беру кеңістігінде тәжірибелі де білімді, өз мамандығының хас шеберлері, кәсіби ұстаздар еңбек жолын ұстаздық сара жолдан бастаған, ел ертеңі болып табылатын жас жеткіншектердің бойына білім мен өнерді сусындатқан білікті тәжірибелі жандар зейнеткер-ұстаз Балкен Темірбекқызы (алғашқы ұстазы), тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Нұрсахан Бейсенбекова, бірнеше жыл Қарағанды облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының директоры қызметін атқарған Сәбит Қонтаев, «Ortalyq Qazaqstan» газетінің бас редакторы Ерсін Мұсабеков қатысты. Кездесу сыр-сұхбат сипатында өтті. Ардагер ұстаз бен жас мамандар өз ойларын ортаға салып, ұлағатты ұстазға көкейлеріндегі сауалдарын қойды. Тағылымды ұстаздар тәлім-тәрбиесі мен ұлағат тұнығынан сусындаған сан буын шәкірттер, ізгі пейілді достар, әріптестер мен замандастар бас қосып, қадірлі ұстаздарға сый-құрмет көрсетілді. Бір-бірімен замандас, әріптес болған ардагерлер әңгімелесіп, өткен шақтарын еске алып, кейінгі жас ұстаздарға өздерінің еңбек жолдарынан үлгі боларлықтай естеліктер, тілектер айтып, бір жасап қалды.

Шара барысында ақылы мен білімін ұрпағына айтудан жалықпаған құрмет иесі Бақытгүл Әбдікерова өзінің өмірлік тәжірибесімен бөлісті. Әріптестер әзілі, дос-жолдастар мен игі жақсылардың жарасымды әрі жүрекжарды әңгімесі әрі қарай өрбіп, ақ пейіл мен толассыз лебіз тербелген керемет күй орнады. Қонақтарға арнап, ұстаздарымыз әсем ән шырқап, гимназия мақтаныштары «Шолпан» би ансамблінің мың бұралған бишілері биден шашу шашты.

Ләйлә КҰТТЫБАЕВА,
М.Жұмабаев атындағы гимназияның бастауыш сынып мұғалімі
ҚАРАҒАНДЫ

● МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ

Кәсіби бағдардың мәні зор

Білім беру жүйесі жыл сайын әртүрлі өзгерістерге ұшырап, дамып келеді. Бұл өзгерістердің басты мақсаты – жас ұрпақты жан-жақты дамыған азамат етіп тәрбиелеу.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында білім саласына байланысты айтылған өзекті ойларын ортаға салды. Аталмыш Жолдаудың «Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі» аталатын төртінші бағытында білім беру саласына қатысты жаңашылдықтар мен жаңа бастамаларды жүзеге асыру турасында тың идеялар айтылды. Соның бірі – білім беру сапасын жақсарту.

«Біз оқушылардың қабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар беру саясатына көшуіміз қажет. Оның ішінде, мектеп түлектерін кәсіби тұрғыда, дарынды ауыл жастарын іріктеп, отандық және шетелдік жоғары оқу орындарына дайындау керек», – деді Президент.

Кәсіби бағдар беру – білім беру саласын жетілдірудегі өзекті мәселе.

Мамандық таңдау – адам өміріндегі ең маңызды шешімдердің бірі. Үлкен өмірге енді ғана аяқ басқан жас түлектің алдында мыңдаған мамандықтан біреуін таңдау міндеті тұрады. Мамандық таңдауда Жүсіпбек Аймауытовтың «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ, оның кез келгеніне икемділік қажет, бұл – жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» деген сөзін басшылыққа алу керек.

Сондықтан адам баласы өз мүмкіндігін де ескергені абзал. Мамандық таңдағанда «үйренгім келеді, үйрене аламын, үйренуім керек» деген формуланы есте сақтаған жөн. Тек таңдап қана қоймай, арманына апарар жолды жақындату үшін тыңбай еңбектену, іздену қажет. Өз қабілеттері мен қалауын ұштастырып, өмір жолында адаспай алға басу – зор жетістік. Болашақ мамандығын болжап, бағдарланған бала өзіне сенімді, оның қадамы нық болмақ. Осы орайда ерте жастан кәсіби бағдарлаудың маңызы өте зор. Көп дәрежеде әр оқушының жеке қабілеті мен мүмкіндіктеріне сәйкес келетін, сонымен қатар, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар жайлы ақпарат беру – өзекті мәселе.

Қарағанды облысында білім беру ұйымдарында 24 мыңнан аса педагог жұмыс істейді. Бүгінгі күнде 16 374 педагогтің немесе 67,2% жаңа жүйе бойынша біліктілік санаты бар. Биыл 9 мыңнан астам мұғалім немесе біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

Облысымыздың барлық мектептерінде «Білімім – Отаным» атты бірыңғай сынып сағаты өтті. Оқу-ағарту министрі алғаш рет интерактивті форматта мектеп оқушылары мен мұғалімдерді құттықтады, сынып жетекшілері оқушылармен және ата-аналармен бірге жыл қорытындысын шығарды. Қарағанды облысының барлық 412 мектебінде «Білім – Отаным» – атты бірыңғай сынып сағаты да өтті. Оқушыларымыз көңілге қонымды, болашаққа бағыты айқын екендігін көрсете алды.

Жұлдыз БЕКИШЕВА,
Ә.Ермеков атындағы тірек мектебінің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі
Шет ауданы

● ҚАМҚОРШЫЛАР КҮНІ

Балаға мейірім сыйла

Әр баланың өмірге бейімделуі отбасынан басталады. Мейірім мен жылулықты сыйлайтын ата-ананың шексіз махаббатына шомылып өскен бала, шынымен, бақытты. Дегенмен, қоғамда ата-ананың махаббатына, мейіріміне зәру балалар да жоқ емес. Жыл сайын жетім балаларды өз қамқорлығына алған жандар үшін «Қамқоршылар күні» аталып өтеді.

Қазақ халқы жесірін қаңғыртпаған, жетімін жылатпаған. Осындайда мойнына ауыр жүк артып балалардың тағдырына арашашы болатын адамдардың бары көңіл марқайтады. Сондықтан, ол кісілерді құрметтеп, көңіл бөліп, алғыс білдіріп жатсақ құба-құп.

Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-лицейінде бүгінде қамқорлыққа алынған 5 отбасының балалары білім алуда. Барлығының жағдайы ойдағыдай. Қамқоршылар балаларға қолдарынан келгенше көмектерін аямай, білім мен тәрбие беруде. Мемлекет те тағдыр тәлкегіне ұшыраған балаларға ерекше назар аударуда. Осы орайда мектепте қамқоршыларымыз үшін әлеуметтік педагогтер ұйымдастырған мерекелік шара өтті. Музыкалық жетекшілер Пернегүл Заит пен Надежда Гродникова дайындаған дарынды балалар шақырылып, өз өнерлерін көрсетті.

Қамқоршыларымызды «Қамқоршылар күні» мерекесімен құттықтап, мектеп атынан Алғыс хатпен марапатталды.

Айнұр ЖИЛКИБЕКОВА,
Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-лицейінің әлеуметтік педогогі
ҚАРАҒАНДЫ

● АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

Киберқауіптен қалай қорғаймыз?

XXI ғасыр – ақпараттық технологиялардың дамыған дәуірі. Балалар күнделікті өмірде сандық құрылғылар мен интернетті жиі қолданады. Бүгінгі күні интернет тек білім беру және ойын-сауық көзі ғана емес, сонымен қатар, балаларға қауіп төндіретін ортаға да айналды. Сол себепті балаларды цифрлық қауіпсіздік негіздерімен ерте таныстыру – маңызды міндеттердің бірі. Интернет қауіпсіздігі неге маңызды?

Интернетке оңай қол жеткізу балалардың мүмкіндіктерін кеңейткенімен, сақтықты да қажет етеді. Әлеуметтік желілердегі жалған ақпарат, интернет алаяқтары, кибербуллинг, жеке мәліметтердің ұрлануы сияқты қауіптер балаларды түрлі жағдайға ұшыратуы мүмкін. Бүгінгі балалар интернеттің шексіз мүмкіндіктерін тек біліп қана қоймай, ондағы қауіптерден сақтану жолдарын да меңгеруі керек.

Цифрлық әлемде балалар үшін ең негізгісі – жеке ақпаратты құпия сақтау. Мектеп жасындағы балалардың өздері туралы жеке мәліметтерді, ата-аналарының телефон нөмірлерін, мекенжайларын жария етпеу керектігін түсінуі қажет. Сонымен қатар, балаларға құпия сөздерді қалай құру керектігін үйрету маңызды. Құпия сөздер қиын әрі күрделі болған сайын, балалар өз ақпараттарын қорғауға сенімді бола алады.

Балаларға интернет қауіпсіздігін ойын түрінде үйрету – өте тиімді. Бұл оларға қажетті ақпаратты қызықты әрі оңай түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, құпия сөзді таңдау кезінде оларды «құпия агент» ретінде ойнап, маңызды мәліметтерді құпия ұстауға баулуға болады. Сонымен қатар, кибербуллинг туралы әңгімелер жүргізіп, балаларды өздерін қорғау жолдарына үйрету қажет. Осы мақсатта «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» тақырыбында 4-сынып оқушыларына арналған авторлық бағдарлама жаздым.

Бұл бағдарламаның басты мақсаты – балаларға интернетті қауіпсіз қолдану ережелерін үйрету, өз ақпаратын сақтау, желідегі қарым-қатынастың әдептілігін ұғындыру. Мұндай бағдарламалар, балалардың цифрлық әдеттерін саналы түрде қалыптастырып, болашақта интернетті қауіпсіз әрі жауапты түрде қолдануға дайындайды.



Коллажды жасаған Ш.Адамбекова

«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» бағдарламасы балаларды тек цифрлық қауіпсіздікпен таныстырып қана қоймайды, сонымен қатар, сыни ойлау қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Мысалы, оқушыларға шындық пен жалғандықты ажырату, ақпаратты тексеру, әлеуметтік желілердегі киберқауіптерден қорғану туралы түсінік беріледі. Балалар топтық жобалар, рөлдік ойындар және нақты өмірлік жағдайларды талдау арқылы бұл білімдерді тәжірибе жүзінде меңгереді. Цифрлық қауіпсіздікті үйрету – тек қана қазіргі күннің қажеттілігі емес, болашақтың да маңызды талабы. Бала кезінен цифрлық мәдениет негіздерін меңгерген балалар болашақта қауіпсіз, саналы және сыпайы интернет қолданушыларға айналады. Бұл оларды әлеуметтік желілерде және интернетте жауапты әрекет етуге, өз қауіпсіздігін сақтауға, сондай-ақ, басқалардың да құқықтарын құрметтеуге үйретеді.

Цифрлық қауіпсіздікті сақтау – тек ата-аналар мен педагогтердің ғана емес, балалардың да жауапкершілігіне айналуы тиіс.

«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» сияқты бағдарламалар арқылы балалар қауіпсіздік ережелерін меңгереді, интернет мәдениетін түсінеді және болашақта жауапты цифрлық азамат болуға қадам жасайды. Баланың интернетте өз-өзіне сенімді, саналы және қауіпсіз болуына мүмкіндік береді.

Айкүнім ҚАЛҚАМАН,
әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі
БАЛҚАШ

● ӨНЕГЕ

«Қара сөздердің» құндылығы

Абай Құнанбайұлының қара сөздері – қазақ әдебиетінде маңызды орын алатын философиялық және рухани мұра. Абайдың «Қара сөздері» – оның терең ойлары мен ұлтына деген сүйіспеншілігін көрсететін туындылар. Қырық бес қара сөзден тұратын бұл шығармаларда Абай қазақ халқының мәдениеті, білімі, дүниетанымы және рухани құндылықтары туралы ой толғайды.



Коллажды жасаған А.Қоктаева

Әрбір «Қара сөзде» ақын өмірдің мәні, адамгершілік қасиеттер, білім мен ғылымның маңызы жайында терең философиялық пайымдаулар жасайды. Қазақ халқының өмірін жаңаша көзқараспен түсіндіруге ұмтылған, ұлттық сана-сезімді қалыптастыруға бағытталған.

Мысалы, «Екінші сөзінде» Абай әрбір адамның ел алдындағы борышы мен жауапкершілігін түсіндіріп, қоғамдағы әділдік пен адалдықтың маңызын атайды. Ол жалқаулық, білімге немқұрайдылық, жалған сөз сияқты мінез-құлықтарды сынға алып, қазақ қоғамындағы кемшіліктерді ашық жеткізеді. Абай қара сөздері арқылы халықты бірлікке, еңбекқорлыққа, адалдыққа шақырды. Сонымен қатар, Абай ғылым мен білімді қазақ халқының дамуының негізгі факторы ретінде қарастырады. Ол, әсіресе, жастарды білімнің маңызын түсінуге, ғылымға бет бұруға шақырды. «Он тоғызыншы сөзінде» ақын жақсы адам болу үшін, ең алдымен, ақыл мен ғылымның қажет екенін атап көрсетеді. Бұл – Абайдың тек өз дәуіріне ғана емес, бүгінгі күнге де бағытталған өсиеті.

Абайдың «Қара сөздері» – қазақтың рухани дамуына, ұлттың бірегейлігін нығайтуға бағытталған өлшеусіз құнды мұра. Ол қазақ халқының мінезін, арман-мақсатын терең түсінген тұлға ретінде халықты жақсылыққа, адалдыққа, білімге үндеді. Бүгінде ол тек қазақ халқы үшін ғана емес, жалпы адамзат үшін рухани азық, тәрбие құралы болып саналады.

Абайдың ойлары мен ұстанымдары – қазіргі күнде де өзектілігін жоғалтпай, жастарға өнеге беретін даналықтың қайнар көзі. Сонымен қатар, «Абайдың қара сөздері» басқа халықтарға да ортақ ұлы идеяларды жеткізеді. Бұл туындылар әлем әдебиетінің бір бөлшегі ретінде танылып, түрлі тілдерге аударылып, зерттеліп келеді. Оның ойлары жалпы адамзатқа тән мәселелерді қозғап, әділдік, адамгершілік, ізгілік жолында бүкіл адамзатқа өнеге боларлықтай. Осылайша, ұлттық шеңберден шығып, адамзаттық рухани қазынаға айналып отыр.

Әдемі МАДИЯРҚЫЗЫ,
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті филология факультетінің студенті

● ОНЛАЙН БАЙҚАУ

Сәкеннің сырлы әлемі

Қазақ әдебиетіне жалынды жырларымен өшпестей із қалдырған өр тұлғалы сыршыл ақын Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы ұрпақтың әдебиет, ұлт руханиятына көзқарасын қалыптастыруда өзіндік маңыздылығын жойған емес. Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған «Қазақ руханиятының ақсұңқары» атты республикалық жас ақындардың мәнерлеп оқудан онлайн байқауы мәресіне жетті.

Еліміздің әр өңірінде жас ақындар арасында ақын шығармашылығын насихаттап, мәнерлеп оқу сайыстары ұйымдастырылып өткізілуде.

ЖОО арасында Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына арналып, ұйымдастырылып жатқан түрлі іс-шаралар жас ұрпақты тәрбиелеуде ерекше рөл атқарады.

Республикалық жас ақындардың мәнерлеп оқу онлайн байқауына Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің студенттері, «Болашақ» академиясының, Ә. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің студенттері қатысты.

Жеңімпаздар дипломдармен, Алғыс хаттармен марапатталды.

Қ.ХАМЗИНА, М.ХАСЕН, Ғ.ӘБІЛҚАСОВ,
Ә. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «Қазақ тілі және мәдениеті» кафедрасының оқытушылары

● ТАНЫМ

Ұлттық қазына дәріптеледі

«Тағылымы мол – ұлттық қазына» жобасы аясында облыстық тарихи-өлкетану музейінің Абай атындағы кітапханамен біріккен жұмыс жоспары құрылды. «Атамекен» кабинетінің ашылуына байланысты жоба алдағы уақытта облыстық білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығына ұсынылып, бекітілмек.

Педагогикалық кеңес аясында «Ақыл картасын» және «Синквейн» тәсілдерін пайдалана отырып, педагогтармен ой-толғаныс ұйымдастырылды. Төрт бұрышты пішінге жабыстырылған түрлі-түсті асықты шиыру арқылы, қай түсті асық түссе, слайд бойынша асық түсіне байланысты тапсырмалар берілді. Слайдта ұлттық құндылықтар негізіндегі суреттерде салт-дәстүр түрлері, ұлттық киімдер, ұлттық аспаптар, тағамдар, ойындар көрсетілген. Қолдау орталығында төрт әдістемелік бірлестік бар. Олар – «Ақ бұлақ», «Шығармашылық», «Ізденіс», «Ынтымақтастық». Әр әдістемелік бірлестік 12-14 педагогтан тұрады. Оның ішіне топ тәрбиешілері, мамандар (логопед, дефектолог, ұйымдастырушы педагог, еңбек, спорт тәлімгері) кіреді. Төрт әдістемелік бірлестікпен бірге «Әкімшілік» болып бесінші топ қатысты. Топтар бөлініп, асықты шиыру арқылы әр топ слайдтағы суреттерді пайдалана отырып, сурет бойынша әңгіме, ертегі құрап, «Ақыл картасын» қолданып, өз тапсырмасын орындап, ойларымен бөлісті. Ұлттық құндылықпен байланысты сөзді алып, «Синквейн» әдісін қолданып, сөйлем құрады.

Жұпар ЖҰМАҒАЗИНА,
Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығының мұғалімі

● ТАҒЫЛЫМ

Мұғалімнің жарқын жолы

Ұлағатты ұстаз Серікбол Ахтаев – зейнеткерлік жасқа жетіп, ұзақ жылғы еңбегінің нәтижесіне алғыс арқалаған жан. Жылдар бойы білім беру саласында тынымсыз еңбек етіп, оқушыларының жүрегінде өшпес із қалдырған. Ізденімпаздыққа толы ұстаздық жолы – келер ұрпаққа үлгі, өнеге.

Білім беру саласында қызмет еткен жылдары Серікбол Құрақбайұлы көптеген шәкірт тәрбиелеп, олардың әрқайсысын білім нәрімен сусындатты. Оның қамқорлығы мен кәсібилігінің арқасында көптеген шәкірттері өз жолын тауып, түрлі салада табысты мамандарға айналды. Шәкірттері пәндік олимпиадалардан бірнеше мәрте жеңімпаз атанды.

1992-2000 жылдар аралығында мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарының қызметін атқарып, мектептің дамуына зор үлесін қосты. Педагогика саласында адал қызметі үшін аудандық, облыстық дәрежедегі марапаттарды иеленді.

2000 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейін Босаға жалпы білім беретін мектебінің директорының қызметін атқаруда. Осы уақыт аралығында парасатты және ақжарқын мінезімен әр баланың көңілінен шыға білді.

2021 жылы облыстық білім басқармасының «Білім саласының қайраткері» төсбелгісімен, 2023 жылы облыстық кәсіподақ «Білім» ұйымының «Сала қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген айрықша еңбегі үшін» төсбелгісімен, биыл аудандық білім бөлімінің «Білім саласының Құрметті қызметкері» төсбелгісімен құрметтелді.

Серікбол Құрақбайұлы мен жұбайы Майра Зейінқызы – өнегелі өмірдің үлгісі.

Зейнеткерлікке шықса да, қос ұстаздың ұрпақ жолында өшпес із қалдырғаны анық.

Гүлім СОВЕТ,
Босаға жалпы білім беретін мектебінің 11-сынып оқушысы

Шет ауданы

● МЕКТЕП ӨМІРІНЕН

Оқушы жанына үңілу керек

Мектептегі педагог-психологтың маңыздылығын бәрі бірдей түсіне бермейді. Психологтың қызметі көбінесе айқын көрінбегенімен, бұл мектепішілік өмірді тұрақты және қауіпсіз ете алатын құрал ретінде ғана көрінуі мүмкін. Бүгінгі таңда барлық мектептерде оқушылар және ата-аналар, мұғалімдер арасындағы мәселелерді тек тәжірибелі психолог шеше алады.

Мектептегі педагог-психолог – мектеп оқушыларымен жеке деңгейде де, ұжым деңгейінде де психологиялық жұмыс жүргізетін маман. Басқаша айтқанда, психолог оқушының жеке мәселелерін анықтап, құрдастарымен немесе оқытушылармен қақтығыстан шығудың оңай жолын табуға көмектеседі. Сонымен қатар, педагог-психолог ата-аналармен мәмілеге келіп, мұғалімдермен жұмыс жасай алады. Дегенмен, маманның басты назары әрқашан балаларға бағытталғанын ұмытпаған жөн. Мектеп психологының міндеттеріне психодиагностика, психокоррекция, психоконсультация және психопрофилактика кіреді.

Атап айтсақ, психодиагностика балалардағы түзетуді қажет ететін бұзылуды немесе ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді. Ол жоспарлы түрде, сондай-ақ, балаларды мектепке қабылдау кезінде өткізіледі. Балаларды бірінші сыныпқа қабылдау кезінде психодиагностика маңызды. Бұл кезеңде педагог-психолог психологиялық сипаттағы мәселелерді (агрессивтілік, мазасыздық, мотивацияның болмауы) ғана емес, сонымен қатар, білім алу барысындағы мәселелерді түзетуді қажет етеді. Психодиагностика ойындар, тренинг, тестілеу, шығармашылық тапсырмалар арқылы жеке әрі топта да жүргізілуі мүмкін.

Сурет ашық дерекқоздан

Ал, психоконсультация – балалар мен ересектердің эмоционалды жағдайын жақсартуға және тұрақтандыруға көмектесетін жеке немесе топтық жұмыс. Бұл жұмыс барлық мектеп оқушылары үшін, соның ішінде, айқын психологиялық проблемалар немесе даму ерекшеліктері анықталмаған адамдар үшін пайдалы болуы мүмкін. Топтық психологиялық кеңес беру сынып сағаттары мен басқа да ұйымдастырылған іс-шаралар кезінде үнемі жүргізіледі. Жеке мектеп психологы мектептің барлық оқушылары мен тәрбиешілеріне кеңес бере алады. Мысалы, педагог-психолог балалармен темекі шегудің, алкоголь мен есірткінің зияны туралы әңгіме жүргізе алады. Мәселен, бүгінде балалар арасындағы суицид мәселесі – қоғамды алаңдатқан сұрақтың бірі. Елімізде балалар арасында психологиялық ахуалды оңалту бағытында кешенді жұмыстар жүргізіліп жатыр. Суицидтің көрсеткіші соңғы 10-12 жылды алып қарасақ, түсіп келе жатыр. Бұл – қолға алынып жатқан жұмыстардың нәтижесі.

Психологтар бүгінде жасөспірімдердегі суицидтік мінез-құлық белгілерін анықтауға, балалармен жыныстық жетілудің ерекшеліктері туралы сөйлесуге, өткір және мұқият тақырыптарды көтеруде үлкен құзыретке ие.

Жоғарыда аталған жұмыс аспектілері апта сайын мектеп психологының кестесіне енгізіледі. Әр оқу жылына педагог-психолог балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, сабақ бағдарламасын жасайды.

Әдетте, мектепте психолог жас ерекшеліктерін ескере отырып, әртүрлі сыныптарға арналған бағдарламалар жасайды.

Педагог-психолог маман күрделі механизм саналатын балалар мен жасөспірімдердің ақыл-ойларымен жұмыс істейді. Сондықтан, мектеп психологы өзгелерден екі есе сезімтал әрі мұқият болғаны жөн.

Зайра ШАЯХМЕТОВА,
№36 жалпы білім беретін мектептің педагог-психологы

ҚАРАҒАНДЫ

● БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Жырдың сарқылмас дариясы

Қазақтың аяулы ақыны, қоғам және мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толуына орай С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектепте «Сәкен – жырдың сарқылмас дариясы» атты форум өтті.

Форумға Сәкентанушы ғалымдар, музейдің ғылыми қызметкерлері жиналды. Форум Сәкен ашқан мектептің орнына орнатылған ескерткіш тақтаға гүл шоқтарын қоюдан басталды. Оқушылар ақын өлеңдерін оқыды. Мектепте «Бір мезгілде шахматтан ойнау сеансы» өткізілді.

Мәжіліс залында мектеп директоры Атымтай Балабиев мектепте атқарылған жұмыстар мен жеткен жетістіктер туралы айтып өтті.

С.Сейфуллиннің 1916 жылы Омбыдағы мұғалімдер семинариясын бітіргеннен кейінгі алғашқы еңбек жолы Ақтөбедегі мектептегі сабақтан, Сұлтан төре Абылайұлы, Қоңырқұлжа мен Кенесарының кездесулерінен тұратын «Мұражайдағы бір түн» атты сахналық қойылым көрсетілді. Көріністің идея авторы мектеп директоры Атымтай Ескенұлы, сценарийін жазған қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі (осы жолдардың авторы).

Форум соңында сөз сөйлеген қонақтар өз әсерлерімен бөлісті, мектеп ұжымына алғыс айтты.

«Сәкен тірі! Қазақтай елі барда, «Өлді» деудің, айтыңдар, жөні бар ма?!» деп, Темірше Сарыбаев жырлағандай, қазақтай елі барда Сәкеннің есімі мәңгі ұмытылмайды.

Салтанат КАРЖАСОВА,
С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Нұра ауданы

Сурет **автордан**

● ТАҒЫЛЫМ

Ұлылар мекенін бетке алып

Күзгі демалыстың алғашқы күнінен Шәкәрім атындағы гимназия оқушылары адамзаттың Абайы мен Шәкәрімі туған киелі өлкеге жолға шықты.

Ұлылар мекенін бетке алған шәкірттермен қатар гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері және Айзада Аханова және Балауса Асқарова барды. Жүректерін қолына ұстап, алып ұшқан барған шәкірттерімізді Абай елі ықыласпен қарсы алды. Шығыстан шыққан күн нұры шапағын ерекше төккендей Семейдегі өткен екі күніміз құдды бір шыбынсыз жаздай әсер етті. Алғашқы күні Семей қаласының орталығында орналасқан Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейіне табан тірер тұста ең алдымен, саябақ ішінен бізді қасқайып Шәкәрім бабамыздың еңселі ескерткіші қарсы алды. Ұлы ойшылдың мүсіні алдында шүпірлесіп, суретке түсіп алған соң ішке беттедік. Музейде оқушыларды арнайы гидтер қарсы алып, құнды жәдігерлермен, Абай мен Шәкәрім шығармашылығымен заманауи жабдықталған арнайы құрылғылар арқылы таныстыды.

Келесі күні оқушыларымыз Абай мен Шәкәрім туған Қарауылға сапарлап, ең алдымен, Күшікбай асуына соғып, Күшікбайдың бұлағынан су ішіп, Бөрілідегі Мұхтар Әуезовтің музей-үйіне тоқтады. Бұл музейде Мұхтар Әуезовтің тұрған үйімен танысып, бала Мұхтардың атасы Әуезден тәлім алып, жазушы болып қалыптасқан мекенін көрді. Ұлы Мұхтардың жеке заттарын, жазу үстелін, естелікке толы түрлі жәдігерлерін көрді. Одан әрі жол-жөнекей «Еңлік-Кебек» кесенесіне соғып, Шәкәрім поэмасы кейіпкерлері туралы тереңірек мағлұматтар алды. Сонымен қатар, Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі Ғазиза қыздың трагедияға толы тағдыры аяқталған жерді көрсетті. Сапарымыздың соңғы тоқтаған нүктесі – ақындар Меккесі атанған қасиетті Жидебай топырағы. Оқушылар Жидебайға келгенде ерекше сезімде болды. Себебі, бұл жерде Ұлы Абай інісі Оспанмен, кемеңгер Шәкәрім ұлы Ахатпен жатқан кесенеге бас сұғып, бабалар аруағына құран бағыштады. Гимназиямыздың 7-сынып оқушысы Осман Ахмет ұлылар аруағына құран оқып, оқушылар Абай мен Шәкәрім рухына тағзым етті.

Кесенеден шыққан соң Абайдың музей-үйіне кіріп, Абай атамызға қатысты сақталған тарихи жәдігерлермен танысты. Ділдәнің артынан келген жасауы, Абай атамыздың қалта сағаты, үш шекті домбырасы, жазу үстелі, таза күміспен безендірілген Әйгерімге сыйға тартқан ертоқымы музейдің көне жәдігерлерін музей қызметкері толық таныстырды. Есіктің алдында Абай жүрген үш атқа жетектейтін түпнұсқадағы тарантасты (күйме) көрді. Абай заманынан қаз қалпында сақталған мұраларды көзімен көріп, шәкірттер ерекше толқыныстарын айтып, алған әсерлерімен бөлісті.

Тағылымға толы бұл сапарымыз оқушылар өмірінде өшпестей естелік болары сөзсіз. Кейбір оқушылар елге қарай жолға шыққанымызда пойызда эссе жазып, әсерлерін сөзбен суреттеді. Осылайша оқушыларымыз Абай мен Шәкәрім туған шырайлы шығыстан Арқаға арқаланып қайтты.

Асылбек СҮЛЕЙМЕНОВ,
Шәкәрім атындағы гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ҚАРАҒАНДЫ

Сурет **автордан**

● «КІТАП ОҚИТЫН ҰРПАҚ»

«...Ерінбе оқып көруге!»

Кітап – асыл қазына. Кітаптың қасиеті мен құдіретін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес, себебі, кітаптың адамзат баласына тигізер пайдасы мен берер ақпараты өте көп. Кітап – рухани байлықтың айқын көрінісі. Кітап оқырманның ойлау қабілетін жақсартып, сөздік қорын молайтып, жан дүниесін рухани байытуға себепші.

Коллажды жасаған А.Коктаева

Кітап – уақыт пен кеңістіктің тынысына толы адамзат ойының жемісі. Адамзат кітапқа өзінің қасиетті сезімі мен жан жылуын сеніп тапсырады. Кітаппен дос болған адамның бойындағы ақылдылық, парасаттылық, ұстамдылық сынды қасиеттері жақсы жаққа ұласып, адам өз ойын нақты әрі ашық айта алады. Кітап арқылы адам баласы өсіп-өнеді, сөйлеу мәнері жоғары болады, жан-жақты тәрбиеленеді.

Кітап жайлы, әр адамның түсінігі әртүрлі болады. Мәселен, біреулер әшейін ермек үшін оқитын болса, кейбіреулер білім жолын кеңейту үшін, пайдасы өте көп екенін біліп оқиды. Менің өмірімде кітаптың алар орны өте ерекше, себебі мен кішкентай кезімнен кітап оқуға қызықтым. Бастауыш сыныптарда сан алуан ертегілерді, балаларға арналған журналдарды, қызықты әңгімелерді оқысам, орта буынға көшкенде қазақ әдебиетінің шығармаларын оқи бастадым. Ең алғаш кітап оқуға деген қызығушылығымды арттырған, ең алғаш көркем шығармалардан оқыған кітабым көрнекті жазушы Қасым Қайсеновтың «Жау тылындағы бала» атты повесі болатын. Бұл повестен кейін кітап оқуды тоқтатпадым. Керісінше кітап оқуға деген шабытым ашылып, көптеген қазақ әдебиетіндегі шығармаларды оқыдым және оқуды ешқашан тоқтатпаймын. Кітап оқығаннан кейін өмірімде бірқатар өзгерістер орын алды десем де болады. Мысалы, сөздік қорым молайып, әдеби тілдегі сөздерді көптеп қолдана бастадым, әр ортада өзімнің ойымды нық әрі нақты жеткіземін, сөйлер алдында ойымды саралап, тек тиімді, қажетті пікір айтуға тырысамын. Сонымен қатар, кітап оқу маған эссе, баяндама, мақала, шығарма, әңгіме сынды жазба жұмыстарын орындауға үлкен септігін тигізді.

Сонымен қатар, жақсы кітап – білімнің көзі. Заманауи өмірде ақпараттың жылдамдығы мен көлемі артуымен, кітаптар арқылы қажетті білім мен дағдыларды алу мүмкіндігі артады. Психология, бизнес, ғылым сияқты түрлі салалардағы кітаптар біздің кәсіби және жеке дамуымызға ықпал етеді. Олар бізге жаңа идеялар мен пікірлер ұсыну арқылы ой-өрісімізді кеңейтеді. Кітап оқудың психологиялық пайдасы да зор. Ол стрессті азайтады, көңіл күйді көтереді, зейінді жақсартады. Кітап оқу кезінде адам белгілі бір ой ағымында болады, бұл уақытты ұмыттырып, рухани тыныштық сыйлайды. Кітаптың беттерінен табылған кейіпкерлермен бірге қуанып, мұңайып, өмірдің әр түрлі жағдайларымен танысамыз. Лев Толстой «Жақсы кітап оқу – ақылды адаммен сырласқанмен бірдей» деген екен. Шынымен, кітап оқыған кезде жан дүниеміз тыныштық күйге еніп, ғажайып әлемге тап боламыз.

Кітап – шығармашылықтың қайнар көзі. Оқушылар, жазушылар мен суретшілер үшін кітаптар – шабыт алудың және жаңа идеяларды туындатудың негізі. Олар бізді шығармашылық жолға бағыттап, өмірді жаңа қырынан көруге мүмкіндік береді.

Сондықтан, «Жақсы кітап – жан азығы» деп бекер айтылмаған. Ол бізді рухани түрде байытып, дүниетанымымызды кеңейтіп, өмірімізді мәнді әрі қызықты етуге көмектеседі. Максим Горькийдің: «Мен бойымдағы барлық жақсылығым үшін кітапқа қарыздармын» деген ойымен толықтай келісемін. Кітаппен дос болған адамның ой-өрісі кең болады. Сол себепті ,мен үшін кітап – өте құнды зат. «Артық білім кітапта, ерінбе оқып көруге» деп ұлы Абай атамыз айтқандай кітап оқудан ешбір адам ешқашан қашпауы тиіс. Бар білім де, тәрбие де, тіпті, сенімен дос бола алатын да – кітап.

Тахмина АМАНТАЙ,
Х. Сәрінжіпұлы атындағы мектептің 11 сынып оқушысы

Шет ауданы

● ЗАМАНАУИ ЕРТЕГІ

«Алтын гаджетті Аңсар»

2020-2025 жылдарға арналған білім беру ұйымдарының кітапханаларын перспективалық дамыту жол картасы аясында «Алтын гаджетті Аңсар» сахналық қойылым көрерменге жол тартты.

«Оқуға құштар сынып» мектепішілік жобасы аясында 5 «А» сынып оқушылары сынып жетекшілерімен «Алтын сақа» ертегісін оқып, өздері ойластырып, заманауи ертегіге сценарий жазып, сахналады.

XXI ғасырда Асхат атты атайдың Аңсар атты немересі болған екен. Атасының еркесі ауылдың балаларына маза бермей, өзіне шақ Нарын, Қарын, Жалын, Маржан, Ақжан, Ардақ атты достар тауыпты. Достары «сен тұр, мен атайын» балалар екен. Қолдарында бір-бір гаджет. Өз орталарына өздерінікіндей гаджеті жоқ Жақұтты бөлектеп, қатарына қоспай, сол баланың шешесіне арнайы жоспар құрады. Ол жоспарлары «қоянға тұзақ құру» деп аталады. Ол тұзаққа абайсызда немересін іздеп шыққан Аңсардың атасы түсіп қалып. Тұзақтан босату үшін Асхат шалға шарт қойған Жақұттың анасы немересінің гаджетін сұрайды. Гаджетті ескі үйдегі кемпірінің көзіндей көріп жүрген, қысы, жазы өсіп тұратын гүлге қалдыратынын айтып, Асхат шал тұзақтан әзер құтылады. Жоқ іздеген немересіне «гаджетіңді ескі үйдегі әженің гүлінің жанында құлатып алған екем, барып алып келе ғой» деп немересіне алған заман талабына сай электронды самакатты береді. Электронды самакат теуіп үйренбеген бала әупірімдеп ескі ауылға келсе, гүлдің жанында теріс қарап отырған кемпірді көреді. «– Апа-ау, амансыз ба? Менің гаджетімді көрмедіңіз бе?» дейді.

Жалт қараған кемпірдің мыстан екенін көріп, Аңсар қорқып кетеді. Мыстан кемпір «Балам отырсам, тұра алмаймын, тұрсам отыра алмаймын» деп балаға тіл қатқанда, бала ашуланып сөз білетін самакатына әмір береді. «Ал, менің самакатым, қайда барам десем де сен маған көмекшісің, мынау мыстан кемпірді көзіме көрсетпей құрт» сөзін естіген көрші апа түтінімен мыстанды қуады. Бала дегеніне жетіп, достарымен қауышып, гаджетін табады.

Жас актерлерге ақ жол тілеп, XXI ғасырдың заманауи әртістеріне қызыға қарап, биік белестерден көрініңдер деп тілек қостық.

Алмагүл ЖҰМАГЕЛДІҚЫЗЫ
№21 негізгі орта мектептің кітапхана меңгерушісі

ҚАРАҒАНДЫ


Сурет ашық дерекқоздан

Дайындаған **Аяулым СОВЕТ,** «Ortalyq Qazaqstan»

Құттықтаймыз!

«Әке – асқар тау» деп халқымыз бекер айтпаса керек-ті. Өйткені, күні-түні жортып, адал еңбек ете жүріп, бала-шағасын жеткізетін ардақты әкелер. Міне, осындай асқар тау әкелердің бірі – **Сәтбек Төкішұлы СТАНБЕКОВ** мерейлі жетпіс жасқа толды. Сексенге қарай желкенін керіп тұр.

Топырағы киелі Семей өңірі, Сарыжал ауылында туған әкеміз сол қастерлі топырақпен, қанмен келген тектіліктен бір сәт тайған емес.

Жастайынан алғыр болып өскен Сәтбек Төкішұлы Семейдің Зоовет институтын ойдағыдай аяқтап, еңбек жолын ел қатары қатардағы жұмысшы болып бастады. Жүйрік жылдар жүйткіп жатса да, жылдам уақыттан ол өз еншісін ала білді. Мол тәжірибе жинап, аға буынның назарына ілікті. Табандылықтың арқасында ұзақ жылдар бойы басшылық қызметтерді абыроймен атқарды.

Ешкімнің ала жібін аттаған жоқ. Алланың берген бір ұл, бір қызын адал еңбегімен асырап, жеткізді. Бүгінде олар да әке үмітін ақтап, жемісті еңбек етуде. Бес немере томпаңдап өсіп келеді. Таңдап қосылған сүйікті жары Рымтай Қабдырашқызымен немерелеріне үлгі-өнеге көрсетіп, қазыналы қарттықтың мәуелі бағында тату-тәтті ғұмыр кешіп жатыр. Осы берекелі де мерекелі, бақытқа толы сәттеріңіз ұзағынан болғай!

Ардақтаған, асқар таудай әкешім,
Кешіретін перзентінің қатесін.
Алла қалап, пейіліңмен кіршіксіз,
Асулардан асуларға жетесің.

Аман болсын әркез ғазиз басыңыз,
Деніңіз сау, ұзақ болсын жасыңыз.
Перзенттер мен ағайынның алдында,
Күліп-ойнап, жүз жастан да асыңыз!

Құттықтаушылар: **жары, балалары, немерелері**

т/б

Электрондық пошта: ortalyk.kaz @mail.ru

● МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Қаржыгерлер марапатталды

Балқаш қаласы әкімдігінде қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі аталып өтті. Салтанатты шарада қала әкімі Сапар Сатаев қаржыгерлерді қабылдап, мерекемен құттықтады.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Егемендік алғаннан кейінгі біздің негізгі жетістіктеріміздің бірі ұлттық валюта – теңгенің пайда болуы. Қазір біздің валюта теңгемізді көптеген мемлекеттер жақсы біледі. Біздің теңгеміз өзінің дизайны жөнінен дүние жүзіндегі мықты валюталардың бірі болып есептеледі. Қаржыгерлердің ең негізгі міндеттерінің бірі – мемлекеттің ақшасын дер кезінде жинап, тиімді пайдаланып, ел экономикасының дамуына қызмет ету. Осы орайда, біздің қаржыгерлер өңіріміздің дамуына өз үлестерін қосуда. Сондықтан, бүгінгі мерекеде еңбек жолында елеулі еңбек жасап жатқан қаржыгерлер мен қаржы саласының қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтаймын. Еңбектеріңізге табыс, дендеріңізге саулық тілеймін! Мерекеліріңіз құтты болсын! – деді Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев.

Құттықтау сөзінен кейін шаһар басшысы бір топ қаржыгер мен қаржы саласының ардагерлерін, сондай-ақ, банк қызметкерлерін қала әкімінің Алғыс хатымен марапаттады. Олардың қатарында қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Зәуре Шлыкова, қалалық мәслихат депутаты Александра Аглюкова, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Балқаш өңірлік филиалы операциялық бөлімінің басшысы Сымбат Ахметова, «Еуразия» банкінің Балқаш бөлімшесінің заңды тұлғаларға қызмет көрсету жөніндегі жетекші маманы Эльмира Қашкимбекова, Балқаш қаласының ішкі саясат бөлімінің бас есепшісі Әния Тезекбаева, Балқаш қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас есепшісі Ботагөз Тлеукабылова тағы басқалар бар.

БАЛҚАШ

Сурет **автордан**

Бахит Абугалисинович БЕГЕЖАНОВ

2024 жылғы 18 қарашада 74 жасқа қараған уақытында жоғары санатты хирург-дәрігер, Қарағанды медициналық университетінің хирургиялық аурулар кафедрасының ардагері, медицина ғылымдарының кандидаты, доцент Бахит Абугалисинович Бегежанов өмірден өтті.

Бахит Абугалисинович Бегежанов – 1950 жылы Қостанай облысында дүниеге келген, орта мектепті аяқтаған соң 1967 жылдан 1973 жылға дейін Қарағанды медициналық институтында оқыды. Институтты бітіргеннен кейін госпитальдық хирургия кафедрасында дәрігер-зертханашы болып жұмыс істеді. 1976 жылы хирургия бойынша күндізгі аспирантураға қабылданды. Диссертацияны қорғап, медицина ғылымдарының кандидаты дәрежесін алғаннан кейін ол ассистент, ал 1987 жылдың ақпанынан 2006 жылдың қыркүйегіне дейін доцент болып жұмыс істеді. 2006 жылдың қыркүйегінен бастап ҚММУ № 1 хирургиялық аурулар кафедрасының доценті. Ол әр жылдары облыстық клиникалық ауруханада және облыстық медициналық орталықта директордың хирургия жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарды.

1999 жылдан бастап жоғары санатты хирург болып табылады. Ғылыми жұмыстармен белсенді айналысты. Өзінің хирургиялық шеберлігін үнемі жетілдіріп отырды. Қазақстан хирургтарының конференцияларында, пленумдарында ғылыми хабарламалармен бірнеше рет және табысты сөз сөйледі. Ол Н.Пирогов атындағы хирургтар Ассоциациясының толық мүшесі болды және Қарағанды облысының хирургиялық қауымдастығының құрметті мүшесі болды. 132 баспа жұмыстарының, оның ішінде, 4 оқу-әдістемелік құралдардың, 14 рационализаторлық ұсыныстардың және 3 авторлық патенттің авторы.

2014 жылғы шілдеден бастап «Қоғамдық денсаулық сақтау/әлеуметтік гигиена және денсаулық сақтауды ұйымдастыру» және «Жалпы хирургия» бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне тәуелсіз сараптама жүргізу құқығына аккредиттелген.

Ол ауқымды консультациялық жұмыстар жүргізді, хирургиялық бейіндегі бөлімшелер мен реанимациялық бөлімшеге жетекшілік етті, сондай-ақ облыстың қарамағындағы аудандарда шефтік көмек көрсетті. 19 жыл бойы қаладағы 2 ірі ауруханаының облыстық клиникалық ауруханасы мен облыстық медициналық орталықтың хирургиялық қызметін басқарды. Оның басшылығымен хирургиялық қызметті қайта құру жүзеге асырылды, хирургиялық диагностика мен емдеудің жаңа прогрессивті әдістерін енгізуге ықпал етті. Өзінің кәсіби деңгейін көтеру бойынша жүйелі жұмыс жасады.

Алғашқылардың бірі болып эндохирургиялық емдеу әдістерін (ТЛХЭ және т.б.) игерді және хирургиялық қызметке енгізді, сондай-ақ өзі үнемі видеолапароскопиялық операцияларды өз бетінше жүргізді.

Белсенді және жемісті жұмысы үшін «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау үздігі», «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгілерімен марапатталған. Ол біздің жүрегімізде өз кәсібіне, таңдаған ісіне, мейірімділіктің, даналық пен адамдарға қызмет етуге шексіз берілген жанның үлгісі болып қала береді.

Б.Бегежановтың қайтыс болуына байланысты туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл айтамыз.

«Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ, ««SENIM» Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» РҚБ Қарағанды облыстық филиалының ұжымы

№307

● АУЫР АТЛЕТИКА

Кір көтеріп, күміс еншіледі

Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің қызметкері Роман Герасименко кір тасын көтеру спортынан әлем кубогында сәтті өнер көрсетіп, күміс жүлдегер атанды. Спортшы бұған дейін де бірнеше рет жүлдегер атанған.



Аталған айтулы спорт додасы Қытайдың Хайнинг қаласында өтті. Жарысқа әлемнің 15 елінен 100-ден астам кір тасын көтерушілер жиналды.

Молодежный кентінің №28 өрт сөндіру бекетінің қызметкері Роман Герасименко турнирге қатысу үшін алты ай дайындалған. Айтуынша, үйде немесе жұмыста жетпей қалуыма бірнеше себеп бар. Әр жердің кір тасы әртүрлі. Олардың материалы мен пішіні де бөлек. Сонымен қатар, жол ауыр болды. Ал, бұл спорт ресейліктердің оң иығына келеді. Бұл соңғы жарысым емес деп үміттенемін. Күшім мен мүмкіндік сыр бермесе, турнирлерде бақ сынасуды тоқтатпаймын, – дейді Роман Герасименко.

Роман 17 жасында кір спортына қызығушылық таныта бастапты. Қазір 32 жаста. Республикалық және халықаралық турнирлердің бірнеше дүркін жеңімпазы һәм жүлдегері. Ол «Кір спортын күш, төзімділік пен тарпаң мінездің тамаша үйлесімі» деп есептейді. Соңғы жылдары ол өзінің туған ауылының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде жаттықтырушы болып істеп, өз тәжірибесімен бөлісіп жүр.

Өз тілшімізден

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Бахит Абугалисинович БЕГЕЖАНОВ

2024 жылы 18 қарашада 74 жасында жоғары санаттағы дәрігер-хирург Бахит Абугалисинович Бегежанов өмірден озды.

Бахит Абугалисинович Бегежанов – 1950 жылы туған, Қарағанды мемлекеттік медицина институтын бітіргеннен кейін госпитальдық хирургия кафедрасында дәрігер-зертханашы болып жұмыс істеді. 1976 жылы хирургия бойынша күндізгі аспирантураға қабылданды. Диссертациялық жұмысты орындағаннан кейін диссертация қорғау және медицина ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу мерзімінде ассистент болып жұмыс атқарды, ал 1987 жылғы ақпаннан 2006 жылғы қыркүйекке дейін госпитальдық хирургия кафедрасының доценті болып жұмыс істеді. 2006 жылғы қыркүйектен бастап ҚММУ № 1 хирургиялық аурулар кафедрасының доценті. Ол әр жылдары облыстық клиникалық ауруханада және облыстық медицина орталығында директордың хирургия жөніндегі орынбасары лауазымында жұмыс істеді.

«Облыстық клиникалық аурухана» КМК ұжымы, Бахит Абугалисинович Бегежановтың өмірден өтуіне байланысты туғандарына, жақындарына, әріптестеріне қайғыра көңіл айтады.

№308

● ДЕНСАУЛЫҚ

Бақыт баламен бірге келеді

17 қарашада бүкіл әлем шала туған нәрестелер күнін атап өтеді. Бұл күннің мақсаты – қоғамның назарын репродуктивтік денсаулықты нығайту қажеттілігіне аудару, медицина қызметкерлері мен шала туған балалары бар отбасылардың алдында тұрған мәселелерді шешуге көмектесу. Ерекше мерекені Қарағандыда да атап өтті.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық клиникалық аурухананың №2 перинатальдық орталығы шалабайлар мен олардың ата-аналарын шақырып, «Кәусар» оқушылар сарайында арнайы шара ұйымдастырды. Мамандар ай-күні жетпей дүниеге келсе де, бұл балаларды «батырлар» дейді.

Шала туған нәрестелердің ағзалары анатомиялық тұрғыдан дұрыс, бірақ, функционалды жетілмеген. Сондықтан, олар өте әлсіз болып туады. Мұндай балалардың терісі өте жұқа және осал, тері астындағы май деңгейі төмен. Көбінесе өкпе, жүрек-қан тамырлары және ас қорыту жүйелері функционалды жетілмейді. Сонымен қатар, орталық нерв жүйесі өте сезімтал келеді. Бұл балаларды арнайы күтіп, бағу – үлкен жұмыс, зор жауапкершілік.

Шала туған нәрестелерге күтім жасау процесі неонатологтарды, анестезиолог-реаниматологтарды, мейіргерлерді және басқа да бейінді мамандарды қоса алғанда, медицина қызметкерлерінің барынша назары мен біліктілігін талап етеді.

Жаңа туған нәрестенің құтқарылған әрбір өмірінің артында білікті мамандар тобының ауқымды еңбегі тұр және бір шала туған нәрестеге күнделікті күтім жасау 20-дан астам әртүрлі манипуляцияны қамтиды.

Құралай Расулды 26 аптасында туған. Ол Расул дүниеге келгенде салмағы 990 грамм, 35 см болғанын еске алды.

– Алақандай ғана болды. Оның аман қалатынына шын ниетімізбен сенсек те, қорқыныш болды. 2 айдан аса ауруханада жаттық. Алғашқы айында балам реанимацияда жатты, кейін жаныма берді. Әр грамына қуанатын едік. Бір айда 200 грамм ғана қосты, екіншісінде 1000 грамм. 2 келіден асқанда бізді ауруханадан шығарды. Сол балам жақында сегізге толады. Барлық дәрігерлерге, медбикелерге алғысым шексіз. Барлығының есімдерін жатқа білемін. Бізге өмір сыйлады. Әлі де жақсылық жасай беріңіздер, – дейді ол.

№2 перинатальдық орталықтың неонатолог Гүлнар Галиева кішкентай батырлар мен олардың ата-аналарын құттықтады. Бұл жерде дәрігерлермен қатар, аналардың еңбегі зор екенін атап өтті.

Ұйымдастырушылар балаларға арналған түрлі бағдарламаларды ұсынды. Ойындар, шығармашылық шеберлік сағаттары, балалар аниматорларының мерекелік бағдарламалары қойылып, балаларға арналған сыйлықтар тарту етілді. «28 петель» клубы шала туған балаларға арнайы тоқылған киімдерін сыйлады. Мұндай мерекелік шара №1 перинатальдық орталықта да ұйымдастырылды.

Мамандардың айтуынша, жыл басынан бері №2 перинатальдық орталықта 3 мың бала дүниеге келген. Оның ішінде, 240 нәресте шала туған. Ең кішкентайының салмағы – 620 грамм. Ал, №1 перинатальдық орталықта 301 бала шала туған. Ел бойынша жыл сайын 20-22 мың бала мерзімінен бұрын туады. Бұл барлық туған сәбилердің шамамен 5%-ын құрайды. Жүктілігі 36 аптадан аз және дене салмағы 2500 грамнан кем туған балалар ерекше назар мен күтім жасауды талап етеді. Қазақстанда қазіргі заманғы тиімді перинатальдық технологиялар дене салмағы 500 грамнан және салмағы 1000 грамнан төмен жаңа туған нәрестелерге сәтті күтім жасауға мүмкіндік береді.

Сурет ұйымдастырушылардан

● БЕЙІМБЕТ МАЙЛИННІҢ ТУҒАНЫНА – 130 ЖЫЛ

Жастықтың оты жалындап...

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінде руханият бәйтерегі, қазақ әдебиетінің шырағын жаққан тарихи тұлға Бейімбет Майлиннің 130 жылдық мерейтойына арналған әдеби-танымдық кеш өтті. Шараның өтуіне «Жастар әлемі» журналы жанынан ашылған «Үкілі үміт» клубы мұрындық болды. Озық ойлы өрендерді бір арнаға тоғыстырған «Үкілі үмітте» жүрген алғыр жастар алғашқы шараны қаламгер Би-аға мұрасын дәріптеуден бастауды ұйғарыпты.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кешті психолог-педагог, ақын Салтанат Смағұлтегі жүргізді. Университет ғалымдары, оқытушылар, әдебиетке жақын қауым Бейімбет Майлин шығармаларын талдады.

Қаламы ұшқыр журналист Әлімжан Жақан «Би-ағаның биігі» баяндамасында жазушының шығармашылық әлеміне бойлап, әдебиетке қосқан үлесін жеткізді. Мысал әңгіме жазып, балалар тақырыбына қалам тербеп жүрген тіл жанашыры Жұпар Жақан майталман жазушының «Шағын жанр шебері» болғанын, ширек ғасыр ішінде поэзия мен прозаға, драмалық шығармаларды өндірте жазған, ұлттық қалыпты көркем суреттеген классик қаламгер болғанын нақты мысалдар келтіре отырып баяндады.

«Сенімен Болашақ» республикалық қоғамдық бірлестігі Қарағанды облыстық филиалының басшысы Индира Жанұзаққызы «Майлиннің қаламы халықтың мүддесін жырлады» тақырыбында, қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушысы Аида Қайырбекова «Бейімбет Майлин романдарындағы заман шындығы» тақырыбында баяндама жасап, жазушының тарихи шындықты суреттейтін шеберлігін жаңа қырынан танытты.

Жас таланттар Би-аға рухына арнау оқып, күмбірлете күй тартты. «Шұғаның белгісі» повесі желісінде сурет салды. «Түйебай» әңгімесін сахналап, кешке көрік қосты.

– Б.Майлиннің Түйебай шығармасы XX ғасыр басындағы оқу жүйесін, қоғамды нақты әрі батыл жеткізеді. Шығарманың мақсаты – оқырманға сол кездегі жағдайды көрсету. Бірі – ол шығарманы достық жайлы десе, бірі – әлеуметтік теңсіздік, ал, бірі – оқу жүйесінің жағдайы деп білер. Бірақ, бұл жауаптардың бәрі дұрыс. Сондықтан да, ғасырлар тоғысында жазылған әрбір ұлттық шығарманы оқу – бізге міндет, – деп атап өтті биология-география факультетінің II курс студенті, «Үкілі үміт» клубының мүшесі Нұрғасыр Теміржан.

Ұлы мұратқа қол созған, биікке ұмтылған «Үкілі үміт» жастарына жүрекжарды жылы лебіздер айтылды. Алғыр жастар ұлағатты ұстаз Жаңбырбай Ахметұлының батасын аманат ретінде қабылдады.

Суреттер ұйымдастырушылардан

● БӘРЕКЕЛДІ!

Қостанайдан олжалы оралды

Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің джаз оркестрі Қостанай қаласында өткен «Джаз-Бомонд-24» халықаралық фестиваліне қатысып, жүлделі оралды.

Фестиваль Астана, Алматы қалалары, Қарағанды, Ақтөбе облыстары және Ресей елінен келген өнер ұжымдарының басын қосты. Бір аптаға жуық уақыт аралығында кәсіби және жастар ұжымы, джаз музыкасының дәстүрлі һәм заманауи бағытында жұмыс істейтін музыканттар өнерін ортаға салып, бақ сынасты, өзара тәжірибе алмасты.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Игорь Андрейченко бастап барған Қарағанды джаз оркестрі қонақтар мен көрермендер көңілінде өшпес әсер қалдырып, Халықаралық фестиваль лауреаты атағын иеленді.

Ал, оркестр жеке орындаушылары Ксения Николаева мен Айдан Тұңғышбаев фестивальдің үздік вокалисі деп танылды.

Қарағандылық ұжым Қостанай қаласындағы мәдениет сарайы мен жастар сарайында үш күн қатарынан концерт қойды. Оларды жергілікті жұртшылық жылы қабылдап, алғысын жаудырды. Оркестр осы қарқынынан таймаса, әлі талай биікті бағындыратынын баса айтты.

Біз де ортамызға олжалы оралған жерлестерімізді жеңісімен құттықтап, толағай шығармашылық табыс тілейміз!

Марал НҰРТӨЛЕУОВА,
Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестік редакторы

Сурет **автордан**

● ВОЛЕЙБОЛ

Тоспадопта топ жарды

Балқаш қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен спорт саңлағы, ардагер спортшы Ерлан Түсіпбаевты еске алуға арналған қыздар арасында волейболдан қалалық турнир өтті. Дүбірлі додаға 13 команда қатысып, бақ сынасты.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жарыстың салтанатты ашылуына Балқаш қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ізбасар Шәкенов, Балқаш қаласындағы волейбол федерациясының атқарушы директоры Еркін Нұрмағанбетов, марқұм спортшы Ерланның ағасы Жанат Түсіпбаев қатысып, спортшыларға сәттілік тіледі.

Қоғамда ұрпақтар сабақтастығын насихаттау, бұқаралық спортты дамыту, жастар арасында волейбол спортына деген қызығушылықты арттырып, аға буын өкілдерінің ізін басқан жас спортшыларға тәжірибелерімен бөлісу, жастардың кәсіби біліктіліктерін арттыру, ұлағатты ұстаз Ерлан Түсіпбаевты еске алу мақсатында байрақты бәсекеге Балқаш қаласының Құрметті азаматы, белгілі кәсіпкер-меценат Серік Қасымбеков демеушілік жасады.

Ерлан Қанатұлы Ақжарық ауылының тумасы. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетін тәмамдаған соң еңбек жолын Ақтоғай ауданы дене шынықтыру және спорт бөлімінде бастап, кейінде Балқаш қаласында №15 мектеп-лицейде жалғастырады. Оқушылар Сарайында үйірмесін ашып, сол жерде балқаштық өрендерді волейболға баулиды. Аз уақытта оның оқушылары толағай табыстарға қол жеткізеді. Бүгінгі таңда Ерлан Қанатұлының балалары мен шәкірттері оның еңбек жолын абыроймен жалғастыруда. Қызы Ұлпан және ұлы Темірлан қаламыздың спорт саласына өз үлестерін барынша қосып келеді. Ерланның алғашқы оқушыларының бірі Ақбота Камериден Балқаш гуманитарлық-техникалық колледжін тәмамдап, осы оқу жылынан бастап, «Балқаш» қалалық спорт клубында жаттықтырушылық қызметке кірісті.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, биыл бірінші рет ұйымдастырылып отырған турнирді алдағы уақытта облыстық деңгейде өткізу жоспарланып отыр екен.

Командалар арасында өзара тартысты өткен ойындар төрешілердің бекіткен ережесіне сай қорытындыланып, IV орынға Балқаш гуманитарлық-техникалық колледжінің командасы, жүлделі III орынға «ФОК-2006» Балқаш қалалық спорт клубы командасы табан тіресе, II орын Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі бұрымдыларынан құралған ойыншыларға бұйырды. Ал, жүлделі I орын «Әлия» Балқаш қалалық спорт клубы тоспадоп шеберлерінің қанжығасына байланып, чемпион атанды.

Одан бөлек, жүлделі орынға ие болған командалар мен үздік ойын үлгісін көрсеткен жекелеген жарыстың «Үздік ойыншы» номинациясына Камила Басымбекова (ФОК-2006), Назерке Тайтөлеу (БЖСМ), Аружан Өмірбекова («Әлия») иеленді. «Ең жас ойыншы» номинациясы Аманиса Азанбайға «Балқаш» қалалық спорт клубы және Нұрайым Игілікке («Қоңырат» командасы) табысталды.

Жарыс соңында жеңімпаздар мен үздіктер ұйымдастырушылардың қаржылай сыйлықтарымен, кубоктарымен, медальдарымен және дипломдарымен марапатталды.

БАЛҚАШ

Сурет **автордан**

● ҰЛТТЫҚ СПОРТ

«Қар – аппақ, бүркіт – қара...»

Халық дәстүрін жаңғырту – ұрпақ алдындағы асыл міндет. Қазақтың саятшылығы да бір бөлек мәдениет. Бұқар жырау ауданының Ботақара кентінде 11 облыстан, Алматы мен Астанадан келген 60 құсбегі өздерінің бағы мен құсының бабын сынады. Чемпионатқа жалпы саны 40 бүркіт, 17 қаршыға және 9 сұңқар әкелінді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аңшылар құстарын қолына қондырды, аң аулатты. Төрешілер құсбегі мен құстың арасындағы байланысқа баға берді.

Қарағандылық Қазбек Жандаулет бұл чемпионатта үшінші орыннан көрінді. Бірінші және екінші орындарды Жамбыл және Алматы облыстарының өкілдері иеленді.

Ақмола облысынан Дархан Кеңес аңға бүркітін де, сұңқарын да қосты.

– Менің үлкен ағам аң аулайтын. Мен де бірте-бірте қызығушылық танытып, онымен бірге жаттықтым. Бізде сұңқарлар да, бүркіттер де бар. Уақыт болса, әртүрлі құстармен жұмыс істеуді үйренуге болады, – деді Дархан Кеңес.

Чемпионатта Дархан Кеңес сұңқарымен екінші орын алды. Ол сондай-ақ, бүркіттермен аң аулайтын финалистердің қатарына кірді. Бірақ, бұл санатта жүлделі орынға іліге алмады.

– Дәстүрлі аң аулауда көптеген факторлар рөл атқаруы мүмкін. Бұл ауа райы, жер бедері, қысым, құстың бабы. Барлығы бүркіттің шеберлігі мен тәжірибесіне байланысты бола бермейді. Менің өзімде асқан тәжірибе жоқ. Көбіне ағам барады осындай додаларға. Бірақ, өткен жылы Көкшетаудағы жарыстарда бүркітпен үшінші орынға ие болдым, – деді Дархан Кеңес.

Сұңқармен аулауда жүлделі орындарды Алматы облысы мен елордадан келген құсбегілер олжалады. Түркістан, Жамбыл облысының саятшылары да үздіктер қатарында.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге 500, 300 және 200 мың теңгеге ақшалай сертификаттар табысталды.

Сурет Бұқар жырау ауданының әкімдігінен

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – **Оксана Вячеславовна МЯГКИХ**

Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары – **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Ж. ШАЛҚАР**

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 197

№ 131 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Аяулым СОВЕТ**